



атқаратын шаруалар, соңына түсіп, ізерлеп істейтін қарекет өте көп. Айталық, мысалы, Қаратал жағында Дожды деген жер атауы бар. Дожды – Қалдан Сереннің үлкен баласы. Абылай ханға тұтқынға түскен. Осыны да зерттеуге болады. Немесе әрбір сөздің этимологиясын зерттеуге болады. Мысалы, Қараталдың орталығын Шылым деген өзен кесіп өтеді. Бұрын сол жерде темекі өсірген соң солай аталып кеткен дейді. Ал шын мағынасында «шылым» дегеніміз шылпылдату, шылқылдату сияқты кәдімгі

ӘЛИХАН. АҚТОҒАЙ. АЛАШШЫЛ ҰРПАҚ

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан туралы әңгіме қозғалса, ойы қуаттанып, бойы шымырламайтын, қаны тулап, жаны шырқпайтын қазақ баласы кемде-кем шығар. Азаттық үшін күрес жолында қайсар рухын қалқан қылған, ақтық демі, қасық қаны қалғанша қаймықпай, ажалдың алдында да эзиз басын имей,



мәңгілік мекенге қасқайып аттанған қайраткер тұлғаның қадір-қасиетін туған топырағы – Ақтоғайда желкілдеп өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақ жете түсініп, терең түйсініп өскені заңдылық әрі әділетті болмақ. Осындай ізгі мақсатты көздеген іргелі де шағын іс-шара Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп қабырғасында Алаш арысының 155 жасқа толған тура туған күнінде дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Әлемдік деңгейдегі мемлекетшіл тұлғалармен арысымыздың өмірі мен еңбегі, туған топырағы мен болашақ істер туралы бас әлихантанушылар толғана сөйледі. Салмақты сөз онлайннан өрілсе де, ойлы ұрпақтың санасына жетті деп сенеміз.

БАС ӘЛИХАНТАНУШЫЛАР

Қашықтан қосылып, тереңнен толғаған белгілі мәдениет қайраткері, тарихшы, қаламгер, әлихантанушы Қайырбек Сәдуақасов ағамыз немересімен қатарлас жас буынға былай деп сөзін арнады: «Бүгін – Әлихан Бөкейханның туған күні. Жарық дүниеге келгенінен бері 155 жыл өтіпті. Біз ерекше мән беретін себебіміз – Әлиханның есімін ең алғаш қазақ даласында, тіпті бүкіл әлемде тұңғыш рет туған жері Ақтоғайдағы мектеп иеленді. Әлихан Бөкейханның ең алғашқы ескерткіші – туған жері Ақтоғайда орнатылды. Әлиханға деген алғашқы ізденіс сол Ақтоғайда басталды. Менің ойымша, Әлихан Бөкейхан атындағы мектептің оқушылары, ұстаздары осы есімді алып жүру бағытында үлкен, іргелі істердің ұйытқысы болуға тиіс. Қолдан келетін шаруалар аз емес деп ойлаймын. Оның ішінде, бұрын тарихта қалып қойған мәселелер әлі де жетіп-артылады. Іздене беретін болса, зерттеушілерге, өлкетанушыларға, тіпті оқушыларға

суға байланысты сөздерден шыққан. Сол сияқты Әлихан туған Ақтоғайдың арғы-бергі тарихында тыңғылықты, терең, жан-жақты зерттеуді қажет ететін небір құнды деректер көп. Ақтоғайды мекендеген абыз бабалардың Абылай ханға бата бергені де белгілі. Сондықтан іздей беретін болсақ, атқаратын іс көп. Әлиханның туған күні әрқайсымызды ойландырып, сіздерді үлкен істерге бастайды деп үміттенемін».

Абыз ақсақалдан кейін сөз тізгінін өлкетанушы, әлихантанушы, қаламгер Тұңғышбай Мұқанов ағамыз алды: «Әлемнің үштен бірін жаулап алған Шыңғысхан ұрпақтарының қазақ даласының өң бойында мекен еткені тарихтан белгілі. Оған айғақ – Барак Сұлтаннның баласы Бөкейдің Самарқанда тууы, Бөкейдің балалары – Батыр мен Мырзатайдың Қарқаралы өңірінде дүниеге келуі, ал енді Мырзатай баласы Нұрмұхамедтің сонау Шу өңірінде туып, Нұрмұхамед баласы Әлиханның Сарыарқаның Ақтоғайындағы Желтаудың бойында дүниеге келуі осының айғағы болса керек. Әлихан Нұрмұхамедұлынан кейін 10 жылды артқа тастап, Жақып Ақбайұлының, 15 жылдан кейін Әлімхан Әбеуұлының дүниеге есігін ашуы Ақтоғай жерінің топырағының киелілігін, халқының тектілігін айғақтап тұр деуге толық негіз бар.

Әлихан Нұрмұхамедұлы өзінің ата-бабаларының ел билеу дәстүріне ұқсамайтын, тіпті кенестік өкіметтің де құрылымына үйлеспейтін жаңа тәсілді, саяси күреспен келетін жаңа жолды таңдаған, ата заңы әдет болып сақталатын, ұлттық тілі салтанат құратын, жеке меншік еркіндік берілетін, шекарасы айқындалған, өркениеттің даму үрдістерінің жетістіктерін пайдаланатын тәуелсіз мемлекет құруды аңсаған. Өзінің айнымас қағидасы «Хан баласында қазақтың кеткен хақысы бар, тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп, осылайша күрес жолына түскен. Жалпы алашордашыларды, алаштықтарды насихаттау, рухани іс-шаралар өткізу республика бойынша ең бірінші рет Ақтоғайда басталғандығын мақтан тұтуымыз керек. Тіпті Әлекеннің ауылға келгендегі отырып кететін қасиетті қара тасы «Хан тағы» деп аталынды. Ақтоғай жұртшылығы Ленин даңғылына, аудан орталығындағы бұрынғы Максим Горький атындағы мектепке Әлихан Нұрмұхамедұлының есімін беріп, Ақтоғай өңірінде Алаш арыстарына

арналып 6-8 мүсін-ескерткіш қойылған. 2016 жылы Әлиханның туғанына 150 жылдығының салтанатының қарсаңында шыққан халықаралық экспедиция мүшелері Ақтоғайды басып өтіп, Мәскеуге барып, сондағы Дон зиратына Әлиханның күлі жерленген жерінің топырағын әкеліп, Талдыбейітке салған болатын. Бұл да бір рухани шара болды. Әлекен мінген тарантас арбасы 2014 жылы республикалық Әскери-тарихи мұражайға уақытша көрмеге қойылған. Мұның бәрі – тарихи деректер.

Тұңқақ «Ақтоғай десе Әлихан, Әлихан десе Ақтоғай еске түседі»



«Ұлым деп өткен ұлы тұлға», Аружан Тиішбек «Әлихан еңбектерінің маңызы», 9 сынып оқушылары – Ербұлан Қайыркүл «Білімі биік беделді тұлға», Жансая Сағадиева «Алаштың ақтангері», 10 сынып оқушылары – Асқар Мағжан «Ұлт көсемі – Әлихан Бөкейхан», Ернұр

дегендей, Әлихан десе, ойымызға есімі қоса оралатын филология ғылымының кандидаты, әлихантанушы Сұлтанхан Аққұлұлының оқушыларға арналған дөңгелек үстелге арнайы қатысып, өсиет сөзін жолдауы Сұлтекеңнің Алаш көсемі әруағына деген адалдығының айқын көрінісі десек, артық айтқандық болмас. Сұлтанхан Аққұлұлы ағамыз: «Ардақты ағайын, Әлихан Бөкейхан атындағы мектептің ұжымы мен оқушылары! Мен әңгімені неден бастағым келеді. Ең бастысы, сен қозғалды.

Тоқаявтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласынан кейін «Алаш» тақырыбы, Әлихан Бөкейхан мен басқа Алаш қайраткерлерінің есімдері күн тәртібіне қайта шықты. Яғни, бұл тақырыпты еркін насихаттауға, еркін көрсетуге толық мүмкіндік ашылып отыр. Сондықтан, ардақты мектеп ұжымы, ардақты мектеп оқушылары, сіздерге

Медет «Әлихан Бөкейханның қазақ еліне жасаған қызметі» баяндамаларын жас зерттеушілердің әлихантанудағы алғашқы сәтті қадамдары десек болады.

Бұдан басқа, Ақтоғайдың орталығында Қарағанды облысындағы ең бай деп саналатын Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінің қызметкері Сағат Ергалыұлы музейдегі Әлихан Бөкейхан туралы құнды деректерді бөлісті.

«ӘЛИХАНТАНУ» КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Алаш көсемінің туған күніне орай жасалған тағы бір үлкен шаруа – мектепте «Әлихантану» клубы ашылды. Мақсаты – оқушылар мен жас педагогтар арасында Әлихан Бөкейханның тарихи ерліктерін насихаттау, жас буынның шығармашылық қабілетін ұштау, отансүйіштік сезімін нығайту, тәуелсіздік жолында қызмет



бар тілегім – осы Әлихан Бөкейханның 155 жыл толған мерейтойынан бастап Алаш тақырыбын, Әлиханның сан қырлы қызметі мен телегей теңіз еңбегін емінеркін зерттеуге, мақала жазуға, кітаптар жазуға, деректі фильмдер түсіруге, тіпті көркем фильм түсіруге кең жол ашылып отыр. Енді Әлихан көтерген Алаш идеясынан артық бүгінгі қазаққа идея жоқ! Алаш жолынан артық, Алаш жолынан жарқын жол жоқ. Сол себепті Алаш дегенде біздің есімізге Әлихан келеді, Әлихан десе санамызға Алаш деген ұғым келеді. Сондықтан, біз Алаштың арманына, Әлиханның идеясына адал болайық. Алаш жолына, Әлиханның жолына түссек, бізді сөзсіз жарқын болашақ күтіп тұрады. Менің сіздерге тілегім – Әлиханның, Алаштың жолына түсейік, Алаш идеясын, Әлиханды, Алаш қайраткерлерін жан-тәнімізбен, бүкіл сана-сезімімізбен зерттейік, соған лайық болайық».

ЖАС ӘЛИХАНТАНУШЫЛАР

Дөңгелек үстелде аталары мен ағаларының тағылымды тәмсілі мен өсиет сөздерін мұқият тыңдаған оқушылар да өз ойларын ортаға салды. 8 сынып оқушылары – Ақмарал Дәкәрімова

еткен тарихи тұлғаларға деген құрметті күшейту, Әлихан Бөкейханның еңбектерін зерттеп, терең меңгеруге қызығушылығын ояту. Клуб жұмысына барлық 1-11 сынып оқушылары қатыса алады. Танымдық-зерттеушілік бағытқа тарих пәнінің мұғалімдері Гүлдәурен Жарқынбаева, Жұлдыз Манарбек және мектеп тәлімгері Назым Сейтжан жетекшілік етеді. Клуб жоспарында елімізге белгілі алаштанушы, әлихантанушы ғалымдармен сұхбат құру, әңгімелесу, бағыт-бағдар, ақыл-кеңес алу іс-шаралары қарастырылған. Әлиханның 155 жылдық туған күнінде өскелең ұрпақты Алаш рухымен тәрбиелеуде маңызы айрықша осы кешенді жұмыстың негізі қаланды деуге әбден болады деп ойлаймын.

Әлихан Нұрмұхамедұлының атажұрты Ақтоғайдағы дәл туған күніндегі іс-шаралар бұдан да ауқымды, салтанатты өтер еді. Аты жаман індеттің беті қайтсын. Ең бастысы, бауырымыз бүгін, ел іргесі аман болғай! Жылдың үшінші айы жаңа туып, көктемге аяғымыз енді ғана ілікті. Алдымызда жадыраған, жайдары жаз, қоңыр ойлы күз бар...

Ерниат Мелсұлы,
журналист,
Ақтоғай-Нұр-Сұлтан